

УДК 327.5

**ЖЕКЕ ӘСКЕРИ КОМПАНИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СТАТУСЫН  
АЙҚЫНДАУ**

**Алимжанова Толғанай Кайратқызы**

[a.tolganai@inbox.ru](mailto:a.tolganai@inbox.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің  
Халықаралық қатынастар кафедрасының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Майканов А.С.

Мемлекеттер ерте заманнан бері күш монополиясын ұстап тұрды. Бірақ жаһандану процестерінің қарқынымен, бұл шекаралар бұлыңғыра бастады. Мемлекет функцияларын азаматтық қоғам ұйымдарымен ауыстыру (аутсорсинг) – қазіргі әлемнің даму тенденциясына айналып, әскери/әскерилендірілген қызмет саласы да бұл құбылыстан тыс қалмады: соңғы 10 жыл ішінде әскери компаниялар белсенділігі артып, олардың жылдық айналымы шамамен 100 миллиард АҚШ долларын құрады[1]. Өзекті мәселенің біріне – жеке әскери және күзет компанияларының (ары қарай – ЖӘКК) қызметін қадағалау мен реттеу шықты.

Бірінші ЖӘКК – «WatchGuard International» – 1967 жылы құрылды. Жалпы ЖӘКК қызметтеріне жүгіну қажеттілігі бастапқыда экономикалық салада пайда болған. Бұл әсіресе қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп жоғары аймақтарда жүзеге асырылатын мұнай-газ саласында белең алған. Сонымен қатар, ЖӘКК қызметтері Таяу Шығыс, Африка, Латын Америкасы және әлемнің басқа аймақтарындағы әскери қақтығыстар аймақтарында сұранысқа ие.

Қазіргі ЖӘКК қызметтерін бұрындары жалдамашылар атқарған еді. 1990 жылдардың ортасында және екінші жартысында «жалдамашы» (mercenary) немесе «жаңа жалдамашы»

термині белсенді қолданылды, алайда бұл ұғымнан қызмет түрінің контекстіне байланысты біртіндеп бас тартылды. ЖӘКК де-факто жалдамалыларды ауыстырғанымен, ЖӘКК жалдамашы статусына ие емес, яғни олар 1949 жылғы Женева конвенцияларына қосымша протоколдарда берілген жалдамашының анықтамасының шеңберіне жатпайды [2].

Автор Торкунов пен Мальгин редакциясы астында жарияланған еңбектегі келесі классификацияны орынды санайды:

1) жеке әскери компаниялар (Private Military Company) – олар өздері соғысады немесе тапсырыс берушіге соғысуға көмектеседі;

2) жеке күзет компаниялары (Private Security Company) немесе трансұлттық қауіпсіздік компаниялары (Transnational Security Company) – олар белгілі бір аймақтағы объектінің немесе тұлға(лардың) физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

3) заңсыз қызмет көрсететін компаниялар (Non-lethal Service Provider) – олар жоғары технологиялық армиялардағы әскерилер бас тартқан функцияларды орындайды [3].

Сонымен, жеке әскери компаниялар – келісімшарттар негізінде және қолданыстағы заңнама шеңберінде ақша мен табыс табу мақсатында құрылған әскери және әскерлендірілген қызметтерді көрсететін (соның ішінде жеке құрамды оқыту, жабдықтау, барлау деректерін жинау, өңдеу және талдау, әскери іс-қимылдарға қатысу, стратегиялық объектілерді қорғау, консультациялар және т.б.), негізінен шығу елінен тысқары жерлерде жұмыс істейтін, қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын транснационалды сипаттағы коммерциялық мемлекеттік емес ұйымдар. Олар мемлекеттер, жеке тұлғалар, халықаралық ұйымдар, трансұлттық корпорациялар тапсырысымен ж.т.б. қызмет атқаруы мүмкін. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) мен Халықаралық банктың өзі ЖӘКК қызметіне жүгінген. ЖӘКК белсенділігін 1990 ж. бастап көптеген халықаралық дағдарыстар мен азаматтық соғыстарда, локальді конфликттерде байқауға болады: атап айтсақ, Сомали, Нигерия, Сьерра-Леоне, Ангола, Конго, Руанда, Колумбия, Индонезия, Таяу Шығыста (Парсы шығанағы соғысы), Ауғанстан, Балқан соғыстары[3;2]. ЖӘКК сонымен қатар проблемалы аймақтардағы трансұлттық корпорацияларды қарулы күзетпен қамтамасыз етеді.

Мысал ретінде басқа елдердегі ұсынылатын ЖӘКК қызметтерін келтіруге болады: Дун Сопр АҚШ-тың стратегиялық маңызды мұнай қорын қорғауды қамтамасыз етті; Ирак пен Ауғанстандағы БҰҰ конвойларын алып жүру (Kroll компаниясы); мина алаңдарын тазарту, жарылмаған қаруды жою (RONCO, MAG, BACTEC, Armor Group, Minetech, EODT); әскери нысандардың құрылысы және әскерлерді материалдық-техникалық қамт. ету (Kellogg Brown & Root); әуеден барлау (Air Scans Inc, Eagle Aviation Services & Technology); қарулы қару-жарақ пен кемелерді қарақшылардан қорғау (Global Marine Security Systems) ж.т.б [4].

Жеке әскери қызмет пен жеке күзету қызметін бұл жұмыста топтастырып қарастырсам да, бұл екі ұғым бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл тұрғыда, әр түрлі мемлекеттердің заңнамалары оларды бір-бірінен ажыратады. Мәселен, көптеген елдерде жеке әскери қызметке заң жүзінде рұқсат етілмейді, ал жеке қауіпсіздік (күзет) қызметі заңмен реттеледі, бұндай жағдай Ресей және ТМД елдері арасында қалыптасқан.

Кейбір мемлекеттерде заңнамалық және практикалық деңгейде қызметтің осы екі түрі бөлінбеген (мысалы, АҚШ, Ұлыбритания). Жеке әскери қызметке рұқсат етілген елдерде оның экспорты – яғни, мемлекет шекарасынан тыс жерлерде әскери қызметтерді ұсынуға рұқсат етілген.

Жеке әскери компаниялар күш вакуумын толтырады: олар күшке монополия жойылған жерде ғана жұмыс істейді. Жеке қауіпсіздік компаниялары күш вакуумы жоқ жерде және тиімді үкімет билігі аясында жұмыс істемейді. Себебі онда олар қауіпсіздікті қамтамасыз ете алатын, бірақ тәуелсіз күшке байланған саясатты жүргізе алмайтын қарапайым күзетшілерге айналады.

Бірақ сонымен бірге жеке қауіпсіздік компаниялары өз қызметтерін бақылау тұрғысынан «сұр аймаққа» енеді: әскерилерге азаматтық бақылау жасалса, олар азаматтық-әскери қатынастар жүйесінен де, халықаралық-құқықтық реттеуден де тыс.

Қарулы күштер мен олардың шешуші міндеттері туралы заманауи түсінік олардың қарулы қақтығыстардың өршуіне жол бермейтін немесе олардың ерте аяқталуына ықпал ететін тежегіш күш ретіндегі рөлін анықтауға дейін барады. ЖӘКК-ге қатысты болса бұл анықтама сәйкес келмейді, себебі олар экономикалық тұрғыдан соғысқа тәуелді. Бұл компаниялар қақтығыстарға қатысу арқылы ақша табу мақсатында құрылғандықтан, соғыстың ерте аяқталуы олар үшін тиімсіз, және оның ұзаққа созылуына олар мүдделі.

ЖӘКК-нің қызметкерлері өздерінің анық емес құқықтық статусына байланысты тұрақты күштердің мүшелеріне қарағанда айтарлықтай еркіндікке қол жеткізген. Бұл жағдай олардың соғыс жүргізудің нормативтік қағидаларын қадамалауға, өз қызметін асыра пайдалану мен бейбіт адамдар құқығын бұзуға салғырт қарауға жол ашады.

Қазіргі уақытта ЖӘКК-нің әскери күш қолдануды өз ниетімен бастау үшін қажетті субъектілігі жоқ. Алайда қазіргі заманғы қақтығыстарға қатысушылар арасында жеке мердігерлердің үлесі тұрақты түрде өсіп келеді. 2011 жылы АҚШ Конгресінің зерттеу орталығының мамандары баяндамасына сәйкес, 2000 жылдары АҚШ-тың Ирак пен Ауғанстандағы операцияларына қатысқан барлық әскерлер арасындағы жеке әскери мердігерлердің үлесі 10-нан 20%-ға дейін жетті»[5]. Бұл сала бүкіл әлемде дамып келе жатқанымен, ғаламдық нарықтағы осы қызметтердің 70% -ын АҚШ пен Ұлыбританияның жоғары кәсіби компаниялары ұсынады және олар басқару органдарына бұрынғы аға әскери қызметкерлерді немесе барлау органдарының жоғары лауазымды адамдарын көптеп алады [6].

Халықаралық қоғамдастық кейбір мемлекеттік функцияларды ЖӘКК-ге беруге болмайтындығына келісті: атап айтсақ, қарулы қақтығыс жағдайында ұрыс қимылдарына тікелей қатысу, әскери тұтқындарды ұстау және олардан жауап алу функциялары [7].

ЖӘКК мен олардың қызметкерлерінің құқықтық мәртебесі маңызды пікірталастардың тақырыбы болып табылады. ЖӘКК қызметкерлері мен жалдамашыларды құқықтық ажырату әрдайым мүмкін бола бермейді. Жақын арада ЖӘКК мемлекеттердің әскери компанияларына қосылып қана қоймай, оларды өздері бастайтын жағдайларға жетпейді ме деген сауалдар көптеген саясаткерлер мен зерттеушілерді алаңдатады.

Алайда, халықаралық заңдарға да, барлық дерлік ұлттық заңнамаларға да сәйкес, қарулы қақтығыстарға қатысу құқығы тек мемлекет өкілдеріне, яғни қарулы күштер және кей жағдайларда құқық қорғау органдарына ғана берілгенін естен шығармау керек.

Ерікті болып табылмайтын, қақтығысушы тараптардың бірінің қарулы күштерінің құрамына кірмейтін, ақылы негізде қатысқан шетелдік жеке тұлғалар 1949 жылғы Женева конвенциясына қосымша 1977 ж. протоколда көрсетілгендей(ары қарай – қосымша протокол), жалдамашылық ретінде мойындалуы мүмкін.

ЖӘКК мен жалдамашылық арасындағы айырмашылықты түсіну үшін жалдамашы анықтамасын беру керек. 1949 жылғы Женева конвенцияларына 1977 жылғы I қосымша хаттаманың 47-бабы, 2-тармағына сәйкес «Жалдамашы»- бұл:

- a) қарулы қақтығысқа қатысу үшін жергілікті немесе шетелден арнайы тартылған;
- b) іс жүзінде ұрыс қимылдарына тікелей қатысатын;
- c) ұрыс қимылдарына бірінші кезекте жеке мүддесіне сәйкес қатысады, және оған қақтығысушы тараппен немесе оның атынан дәл сондай дәреже мен қызметтегі сол тараптың қарулы күштеріне кіретін комбатанттарға уәде етілген немесе төленген сыйақыдан едәуір асып түсетін материалдық сыйақы уәде етілген
- d) қақтығысушы тараптың азаматы да, қақтығысушы тарап бақылайтын аумақтың да резиденті емес;
- e) қақтығысушы тараптың қарулы күштерінің құрамына кірмейтін; және

f) қақтығыстың қатысушысы боп табылмайтын мемлекеттің қарулы күштерінің құрамында қызметтік міндеттерін орындауға жіберілмеген кез келген тұлға» [2,2].

Бұл конвенцияның осал тұсы – жалдамашы боп танылуы үшін барлық пунктеріне бірдей сәйкес болуы керек. Ол жалдамашылықты заңсыз деп танымайды, бірақ оларды комбатант және әскери тұтқын статусынан айырады.

Жалдамашылықтың қылмыстық сипаты 1977 жылы Африкада жалдамашылықты жою туралы конвенцияда және жалдамашыларды жалдауға, пайдалануға, қаржыландыруға және оқытуға қарсы 1989 жылғы халықаралық конвенцияда бекітілген. Қазақстан бұл конвенцияға қол қоймады, бірақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 170-бабына сәйкес жалдамашылық қылмыс деп танылады.

Енді ЖӘКК халықаралық статусын айқындауға келсек. Халықаралық гуманитарлық құқыққа (ХГК) сәйкес, егер әрине әскери қылмыстар жасалмаса, комбатанттар ұрыс әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Қосымша протоколға сәйкес, конфликтке қатысушы тараптың қарулы күштері құрамына кіретін тұлғалар (медперсонал, діни персоналды ж.т.б. санамағанда) комбатанттар боп танылады, және әскери қимылдарға қатысуға құқылы.

1907 жылғы Құрлықтағы соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы конвенцияға қосымшаның 1-бабында комбатанттың келесі сипаты берілген: «Әскери заңдар, құқықтар мен міндеттер тек армияға ғана емес, егер олар келесі шарттардың бәрін қанағаттандырса, милиция мен еріктілер корпусына қатысты қолданылады: 1) қарамағындағыларға басқарушы жауапты тұлға бар; 2) алыстан айқын көрінетін ерекше белгіге ие; 3) ашық түрде қару алып жүреді; 4) өз іс-әрекеттерінде соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптарын сақтайды»[8]. ЖӘКК қызметкерлері бұл комбатант сипаты элементтерінің барлығына дерлік сәйкес келеді. Бірақ ЖӘКК-нің ұрыс қимылдарына тікелей қатысуға құқығы жоқ, тиісінше, олар комбатант емес.

Қосымша протоколдың 43-ші бабының 3 пунктінде көрсеткендей: «Қақтығысушы тарап өзінің қарулы күштеріне әскерилендірілген немесе тәртіп сақтауды қамтамасыз ететін қаруланған ұйымды қосқан кезде бұл жайлы әр кез басқа тараптарды хабарлайды»[2,3]. Яғни, егер де жалдап алушы мемлекет ЖӘКК-нің бөлігін өз әскер құрамына енгізсе, ол комбатант статусына ие бола алатын жағдайға жетеді. Мысалы, Француз шетелдік легионы Франция қарулы күштері құрамына енгізілген.

Бірақ бұндай әрекет сирек кездеседі. Себебі мемлекеттің ЖӘКК-ні ұлттық мүдделерді сақтау құралы ретінде қарастыруында жатыр. ЖӘКК-ні қолдана отырып мемлекет қаржылық, саяси, адам құқығы мен халықаралық гуманитарлық принциптері бұзғаны үшін жауапкершіліктерден босатады. Әскерді өз құрамына қосу болса көп жағдайда парламенттің рұқсатын қажет етеді, әрі ЖӘКК қызметкерлерімен жасалған қылмыстар үшін де мемлекетке жауапкершілік тартуға тура келеді. Басқаша айтқанда, ЖӘКК – мемлекеттің қарулы күштері қандай да бір себептермен қатыса алмайтын операцияларды жүргізу үшін тиімді.

ЖӘКК қызметкерлері комбатант статусының жоқтығына байланысты тұтқынға түскен жағдайда әскери тұтқын болып саналмайды, осы статус құқықтарын пайдалануға, қорғау астына енуге мүмкіндік бермейді. ЖӘКК көрсететін қызметтердің көпшілігі қару-жарақты алып жүруді немесе тіпті қақтығыс аймағында болуды қажет етпейді, бұл көбінесе азаматтық жұмыстар: материалдық-техникалық жабдықтау, логистикалық жұмыс, оқыту қызметі ж.т.б. Бұл жағдайда, егер олар азаматтық тұлға деп танылса, онда коллизия пайда болады: ЖӘКК қызметкерлері халықаралық гуманитарлық құқықтың қорғауына еніп, олар шабуыл нысандары бола алмайды. Осылайша, қарулы ЖӘКК қызметкерлері бейбіт тұрғындар құқықтарымен теңеледі, сондықтан ЖӘКК қызметкерлеріне азаматтық статус беру орынсыз.

1949 жылғы Әскери тұтқындармен қарым-қатынас жайлы Женева конвенциясының 4-бабы А-тармағының 4-тармақшасында әскери тұтқын статусын ие болар тағы бір категория анықталаған – қарулы күштерге еріп жүрушілер[9]. Оған көбінесе азаматтық персонал жатқызылады, және бұл статус тиісті қарулы күштер мемлекетінің рұқсатына ие болуы керек.

Бұл жағдайда оларға қарулы қақтығыстарға тікелей қатысу рұқсат берілмейді, әрі тұтқынға түскен жағдайда қорғаумен қамтамасыз етеді. Осы себептерден, ЖӘКК қызметкерлеріне қарулы күштерге еріп жүрушілер статусын беру – оңтайлы нұсқа болатын сияқты.

Сонымен қатар, ХГҚ шеңберінде азаматтық статус презумпциясы бар, оған сәйкес «адамның азаматтық тұлға екендігіне күмәнданған жағдайда, ол азаматтық тұлға болып саналады». Бұл ереже аталмыш тұлға қастық әрекеттерді жасамаған кезде қолданылады. Сәйкесінше, бұл нұсқаны да ЖӘКК қызметкерлерінің статусын анықтаған кезде пайдалануға болады.

ЖӘКК – мемлекеттің саясатын жалғастыру құралы ретінде көптеп жұмыс істейді. АҚШ-ты мысалға алсақ: АҚШ үкіметінің ЖӘКК-мен келісім жасасуы конгресстің мақұлдауын қажет етпейді. Бұл әсіресе қандай да бір аймақтан әскерлерді шығаруға уәде берілгенде, оларды алмастыру үшін ыңғайлы болады. Осылайша, аймақтағы нақты болу және бақылау сақталады. Компания қызметкерлері қайтыс болған жағдайда да үкімет бұл үшін жауапты болмайды.

2017 жылғы Қазақстан Республикасы (ҚР) әскери доктринасында қазіргі заманғы әскери конфликттердің негізгі сипаттарының бірі ретінде басқа мемлекеттің аумағында ЖӘКК көмегімен мемлекеттегі жағдайды тұрақсыздандыруға бағытталған жасырын іс-қимылдар жүргізу аталды. Бұл ЖӘКК-нің жаңа гибриді соғыс жүргізудің құралы болуы мүмкіндігін растайды.

Мемлекеттік суверенитетті мойындамайтын, көптеген елдерде бір уақытта әрекет ететін және сол жерде экономикалық билікке ие көптеген субъектілер бар, мысалы, ұлтүстілі халықаралық ұйымдар, трансұлттық банктер, трансұлттық корпорациялар, және болашақта бұл қатарға ЖӘКК де қосылуы мүмкін.

Мұндай компаниялардың қызметін реттейтін, бақылау тетігін құрайтын ЖӘКК жайлы арнайы мамандандырылған халықаралық шарт жоқ, бұның соңынан халықаралық-құқықтық статусын айқындау мәселесі де ереді. Швейцария Үкіметі, ХҚКК және бірқатар елдердің бастамасымен 17 мемлекет қабылдаған 2008 жылғы Монтрё құжаты да тек кеңес беру сипатына ғана ие. БҰҰ-да жалдамалы әскерлерді адам құқығын бұзу құралы ретінде пайдалану және халықтардың өз тағдырын өзі анықтау құқығын жүзеге асыруға кедергі жасау жөніндегі жұмыс тобы және ЖӘКК-нің халықаралық әдеп кодексі (ICoSA) қауымдастығы құрылғанымен, ЖӘКК қызметін қадағалаудың тиімді механизмі бүгінде жоқ. Бұл функция ЖӘКК-нің құрылуы орын алған мемлекет арқылы көптеп атқарылады. Мысалы, Иракта жасаған қылмыстар үшін АҚШ-та «Blackwater» қызметкерлері жауапқа тартылды.

Қорытындылай келе, ЖӘКК-нің құқықтық статусын айқындау маңызды мәселе болып қала береді, себебі дәл соған байланысты құқықтық жауапкершілік және құқықтық бақылау аспектілері анықталады. Жоғарыда аталған Женева қосымша протоколының негіздерін болашақ халықаралық нормативтік құжаттың негізіне алуға болады, бірақ сондағы жалдамашыға тән сипаттардың бәрі қадағалануы керектігі принципінен бас тартқан жөн болады, себебі ондағы сипаттар қазіргі қарқынды өзгеріп жатқан әлем шындығына жанаса бермейді. ЖӘКК қызметін реттейтін халықаралық-құқықтық актіні шығару ең ірі ЖӘКК орналасқан мемлекеттердің толық қатысуымен жүргізілсе ғана тиімді болады, сондықтан бұл орайда халықаралық қоғамдастықтың біріккен ынтымақтастығы қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1.Holmquist C. Private Security Companies. The Case for Regulation. SIPRI Policy Paper, No. 9, January 2005. Army, Inc. // Washington Profile. — 2004. — 8 March. — № 1. — P. 43. <http://www.washprofile.org/ru/node/2009>.
- 2.Дополнительный протокол к Женевским конвенциям от 12 августа 1949 года, касающийся защиты жертв международных вооруженных конфликтов (Протокол 1), Женева, 8 июня 1977 г. URL: [https://www.icrc.org/rus/assets/files/2013/ap\\_i\\_rus.pdf](https://www.icrc.org/rus/assets/files/2013/ap_i_rus.pdf).

- 3.Современные международные отношения: Учебник / Под ред. А. В. Торкунова, А. В. Мальгина. — М.: Издательство «Аспект Пресс», 2017. —519 с
- 4.Мальшев В.Н., Руденко А.Е., Катун Е.С. Деятельность частных военных компаний и государственные интересы // Вестник Военной академии материально-технического обеспечения им. генерала армии А.В.Хрулева. 2015. № 3. С. 20-25.
- 5.Schwartz M., Swain J. Department of Defense Contractors in Afghanistan and Iraq: Background and Analysis. Washington: Congressional Research Service, 2011. <<http://www.fas.org/sgp/crs/natsec/R40764.pdf>>.
- 6.Документ ООН A/HRC/7/7, 9 January 2008. – Пункты 29 – 31
- 7.НА АНRC/WG.10/5/2. Совет по правам человека. Краткий доклад о работе пятой — сессии Межправительственной рабочей группы открытого состава по рассмотрению возможности создания международной нормативной базы для регулирования, мониторинга и контроля деятельности частных военных и охранных компаний от 20 февраля 2017.
- 8.Конвенция о законах и обычаях сухопутной войны(IV Гааская конвенция) от 18 октября 1907 года
- 9.Женевская конвенции об обращении с военнопленными от 12 августа 1949 г.